№ 8 дәріс. Заманауи медиа және концептуалды бейнелер

Америка этнолингвистикалық мектебінің көшбасшысы Э.Сепирдің идеясын одан әрмен қарай жетілдірген Бенжамин ли Уорф болды. Ол негізінен американдық үндістердің тілі мен мәдениетіне баса назар аударып, тіл мен мәдениет деректеріне қатысты көптеген салыстырмалы зерттеу жұмыстарын дүниеге әкелген болатын. Ғалымның осы мәселелерге қатысты зерттеулері көпшілікке кеңінен танымал болып, американдық тілшілермен қатар, антропологтар мен философтардың назарын өзіне қаратқан болатын. Б.Уорф тілдердің грамматикалық құрылымдарындағы өзгешеліктерді «халықтардың ойлау формаларындағы, дүниеге көзқарастарындағы, дүние тану қабілеттеріндегі өзгешеліктер» – деп бағалаған болатын. Ғалымның пікірінше: «Тіл дегеніміз – ұғым, түсінік, мағына (Ол тілдік форманы мойындамайды). Ал ой – сана (ойлау) дүниені бейнелейді (отражает). Яғни дүние (әлем) тілден көрініс табады. Бірақ әлгі дүние әр тілде әр түрлі бейнеленеді. Ол сол халықтың дүниеге көзқарасына, тілдік ойлауына байланысты» дей келе, «әр тілдің өзіндік метафизикасы болады» – деген тұжырым жасаған болатын. Ғалымның жоғарыдағыдай тұжырымдары тіл білімі тарихында өз уақытында қоғамдық ортада шовинистік пікір туғызғаны үшін біраз таласты мәселені туғызғаны белгілі [16, 164 б.]. Сондай-ақ ғалымның «тілдің қызметі тек идеяны жарыққа шығарумен шектеліп қоймайды, сол идеяның өзін туғызуға да қатысады. Сол себепті, меңгерілген тілдің шеңберінен тыс ойлау да мүмкін емес» [17] деген пікірі кейінгі зерттеулердің темірқазығына айналғаны белгілі. Тіл білімі тарихында Американдық этнолингвистикалық мектептің өкілдері Э.Сепир мен Б.Уорфтардың зерттеулері өткен ғасырда (XX ғасырда) «Сепир-Уорф гипотезасы» деген атпен үлкен жаңалық болып келуімен қатар, қоғамдық ғылыми ортада көптеген қатаң сындар мен алуан түрлі терістеулермен қатар, көптеген жоққа шығару мәселесін басынан өткізген болатын. Дегенмен кейінгі уақыттарда бұл теория жаңаша сипатқа ие болып, қайта жаңғыруды бастарынан өткізді. Мәселен осы теоряларға қатысты тіл білімінде 1990-шы жылдары Д.Льюсидің «Тіл ерекшелігі мен ойлау» [18] және П.Лийдің «Уорф. Теориялар кешені» [19] атты зерттеу жұмыстары жарыққа шықты. XX ғ. орта тұсында Америка лингвистикасында «тіл құрамындағы адам» (человек в языке) мәселесіне қатысты туындаған жаңаша бір бағыт пайда болды. Д.Хаймс «тіл мен тілдесудің (язык и речь) антропологиялық контекстегі зерттелуіне» қатысты лингвистикалық антропологияның теориялық және методологиялық мәселесін ғылыми айналымға енгізді. Онда ғалым «лингвистиканың міндеті – тіл туралы білімдер жүйесін тілдің өз бойынан қорыту болса, тілге қатысты антропологияның міндеті – тіл туралы танымды адам тұрғысынан пайымдау» деген қағиданы тірек етіп алды [20, 93-277 б]. Лингвистикалық антропологияның қоғамдық ғылымдардағы орны мен бүгінгі жай-күйі деген мәселені А.Дюранти есімді ғалым қарастыру үстінде. Ол бұл мәселеге қатысты «лингвистикалық антропологияның басқа тілтанымдық пәндерден айырмашылығы – ақиқат болмысты әрбір тұлғаның өзінше танып-білуіне ден қоюшылығында» деген

теоряны ұсынады [21, 5 б.]. Сонымен В. фон Гумбольдт еңбектеріндегі тіл мәселелерін мәдениетпен, халықтың әдет-ғұрпымен, салт-санасымен байланыстыра зерттеуге ерекше көңіл бөлуге байланысты, арнайы еңбектер жазу XX ғасырдың 20-30 жылдарында ерекше белең алды. Осы мәселелерге қатысты еуропа мен америкада этнолингвистика (этнографиялық лингвистика) деген шартты атаумен екі үлкен лингвистикалық мектеп қалыптасты.

Лингвистика ғылымындағы антропоцентристік парадигма кеңестік немесе ресейлік тіл білімінде алғашында біраз қарсылыққа ұшырағанымен кейіннен ғылыми айналымда ерекше қолға алынды. Тілді рухпен, тілдік тұлғаның шығармашылық қызметімен, қоғаммен, ұлтпен байланыстыра зерттеу мәселесі бойынша А.А.Потебня, Ю.Н.Караулов, В.Н.Телия, Г.В.Колшанский, Ю.Д.Апресян, Н.Толстой, Ю.С.Степанов, Н.Д.Арутюнова, Е.М.Верещагин, В.Г.Костоморов, К.Юнг, А.Н.Леонтьев, Д.С.Лихачев, В.В.Воробев, В.А.Маслова т.б. секілді ғалымдардың еңбектерінде философиялық, психологиялық, этностық, социлогиялық, мәдениеттанымдық, когнитологиялық аспектілер лингвистикамен өзара сабақтастықта қарастырылды.